



Ақмешіт

6 маусым
сейсенбі
№45 (1952)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ИНВЕСТ ЖОБА: Өңір өміріне өң береді

Инвестициялық жобалар жергілікті тұрғындардың әлеуетін көтеріп, экономиканың тұрақты дамуына, жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуына оң әсерін береді. «Өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың бірыңғай индустрияландыру» картасы аясында Қызылорда қаласы бойынша «Бірыңғай индустрияландыру картасына» енгізілген жалпы құны 68,2 млрд теңгені құрайтын 12 жоба жүзеге асырылуда. Оның бүгінгі күнге 3 жобасы іске қосылып, жұмыс жасауда. Мамандар бұл жобалар жүзеге асса 824 жұмыс орны ашылады дейді.



Елдегі, өңірдегі инвестициялық климатты жақсарту – стратегиялық міндеттің бірі. Бұл – аймақтың қалай жұмыс істеп жатқанының нақты индикаторы. Мамандар біздің өңірдің ұстанған бағыт-бағдары дұрыс дейді. Мәселен, былтыр өңір экономикасына инвестиция тарту жоспары артығымен орындалған. Биыл да сол биіктен табылу

көзделіп отыр. 2021 жылдың желтоқсан айында «Orda Glass LTD» ЖШС-ның Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 100 тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты іске қосылды.

«Вега Пром» ЖШС-ның «Құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру бойынша цехты кеңейту» жобасы да инвест

жобалар қатарында. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 80 пайызы атқарылып, жаңа цех іске қосылып, жұмыс жасауда. «Нұр Орда» ЖШС-ның «Қызылорда қаласында асфальтбетон зауытының құрылысы» жобасы да бар. Былтырғы жылдың маусым айында бетон зауыты іске қосылып, жұмыс жасауда.

2 БЕТТЕ

4 маусым – мемлекеттік рәміздер күні мерекесіне орай «Рәміздер» алаңында салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, көпшілікті мерекемен құттықтады.

«Туған жерім менің – Қазақстаным!»



Кез келген елдің мемлекеттік мәртебесін айқындайтын басты құндылықтары – шекарасы, астанасы және мемлекеттік рәміздері екенін атап өткен аймақ басшысы:

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қасиетті нысандарымызда қазақтың мың жылдық арман-тілегі, мақсат-мұраты түгел тоғызған. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Өйткені, бұл – бабаларымыздың



орындалған арманы», – деген болатын. Еліміздің басты құндылықтарын құрметтеу – біріміздің перзенттік парымыз. Рәміздерімізді елдігіміздің ұраны, патриоттығымыздың бастауы, Отанымыздың мақтанш символы ретінде танытуымыз қажет, – деді.

Мерекелік жиын аясында Отан, атамекен, туған жер туралы патриоттық әндер орындалды. Сонымен қатар мемлекеттік Ту көтерген 15-тен астам жеңіл көлік пен 10 мотоциклдодоздың авто және мотошеруі өтті. Осылайша, отансүйіштікке үндейтін шараның сәні кірді.

Мемлекеттік рәміздер күніне орай өңірде 100-ге жуық шара ұйымдастыру жоспарланған. Оның ішінде «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының және «Жас сарбаз» қозғалысының мүшелері арнайы сапта жүру, Байқоңыр қаласында жалпыхалықтық патриоттық шаралар өткізу, барлық ауданда Елтаңба авторы, сырбойылық Жанарбек Мәлібековтің еңбектерін насихаттау көзделуде. Сондай-ақ мемлекеттік Ту авторы, суретші Шәкен Ниязбековтің 85 жылдығына арналған шаралар, патриоттық акциялар, көрмелер мен танымдық сағаттар өткізіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»



Осы бір аты жаман дерт туралы соңғы жылдары жиі естітін болдық. Елбектеген баладан еңкейген қартқа дейін осы кеселдің құрығына ілігіп жатады. Байқасақ, бұл – әлем елдерін толғандырған түйінді мәселе. Аурудың батпанап кіріп, мысқалдап шығатынын ескерсек, қатерлі дерттің де ағзаға орныққанын әуелден-ақ аңғару қиын. Сондықтан кеселдің кесірі ауыр тиіп жатады. Айтуға ауыз

бармайды, дегенмен, еліміз қатерлі ісік ауру дендеген 50 елдің қатарында екен. Оған шалдыққандарды емдеуге жыл сайын бюджеттен қыруар қаржы қаралады. Қымбат дәрі-дәрмектер әкелінеді. Ал нәтижесі көңіл көншітпейді. Адамзат дәуірінің шарықтап дамыған тұсында оны емдеп жазудың амалы табылмағаны ма?

3 БЕТТЕ

«Қоршаған ортаны қорғауға бейжай қарауға болмайды»



5 маусым – дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні.

Жалпы табиғатты сақтау бір күннің ісі емес.

Қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау жайы бүгінгі сұхбатқа арқау болды. Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің зертханалық талдамалы бақылау бөлімі басшысы Венера Мұстайпова зертхана жұмысының көтерер жүгі туралы айтты.

4 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға мүмкіндік берілген сайын, оның аясы да кеңейіп келеді. Бір қуанарлығы, бүгінде жеке ісін ашқысы келетіндер жергілікті өнім шығаруды жандандырып келеді. Бүгінде Қызылорда облысы жергілікті өнім шығаруда қарқын алған өңірдің біріне айналған.

Жеке кәсібін халық игілігіне жарайтындай әрі саланы әртарапандыру, өзіміздің өнімді дамытуды мақсат еткен қызылордалық кәсіпкердің бірі - Бауыржан Қамзаев. Ол қазір мәрмәр тастан (керамика) ыдыс жуғыш құрал (раковина) жасауды табыс көзіне айналдырған.

Мәрмәр тастан ыдыс жуатын құрал жасаудың қыр-сырын үйренген кәсіпкер осы бағытта бизнес-жоспар жасап, 5 миллион теңгеге жуық грант жеңіп алған. Ол ақшаға керек-жарак қондырғысын сатып алып, кәсібін бастаған. Қазіргі таңда мәрмәр тастан өнімнің бірнеше түрін жасап, ішкі нарыққа шығаруда. Жас кәсіпкер Бауыржан Қамзаев келешекте үлкен цех ашып, кәсібін кеңейтуді көздеп отыр.

– «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жоба аясында осындай

МӘРМӘРДАН ЖАСАЛҒАН ЫДЫС ЖУҒЫШ



мүмкіндікке ие болдым. Тұрмысқа, дұрысы, үй жағдайына өте қажет раковиналар шығаруды қолға алдым. Бұл жоба аясында жана бизнес идеяларды жүзеге асыру арқылы кәсіп ашуға мүмкіндік бар. Өзім «NOMAD» жеке кәсіпкерлігін құрып, раковинаның әр түрін шығарудамын, – дейді кәсіпкер Бауыржан бізбен әңгімесінде.

Кәсіпін бес миллион теңгеге жуық қайтарымсыз қаржы арқылы ашқан кәсіпкер жігіт қазір шағын баспана ішінен ашқан цехта «NOMAD» белгісімен

12 түрлі раковина шығарады. Түрлі дизайнмен дайындалатын өнім жасанды мәрмәр тастан құйылады.

– Оларға қажетті шикізатты өзімізден де табуға болады. Мәселен, бұған Аралдың «Шөміш» ауылы маңынан шығатын кварц құмы, сондай-ақ кальцит, сұйық шайыр (смола), мрамор ұнтағы, гелькоат және түрлі түс беретін пигменттер кіреді. Осыларды өз заңдылығымен араластыра отырып, түрлі пішіндегі қалыпқа құямыз. Ал раковинаны құятын арнайы қалыпты Шымкенттен алдырдым. Өзім де керек қалыпта істеуді сонда үйрендім. Жалпы бұл кәсіпке келуіме ата-анам, жұбайым қолдау көрсетті. Тағы бір айта кететінім, жергілікті өнімді сатып алуға ынталы кәсіпкерлер жоқ емес. Мысалы сантехникалық заттар сататын «Рамазан» сауда үйінің иесі алдын-ала тапсырыс беріп, өзімізден шығатын өнімді қолдап жүр, – дейді кейіпкеріміз.

«NOMAD» жеке кәсіпкерлігінде шығарылатын өнімнің бағасы 21 мың мен 32 мың теңге аралығын құрайды. Сырттан келетін раковиналарға қарағанда әлдеқайда арзан әрі сапалы. Сондай-ақ Бауыржан

Қамзаев қосымша екі адамды тұрақты жұмысқа алған. Шағын цех ішінде барлық керекті құрал-жабдық орналасқан. Келешекте жуыну бөлмесіне арналған құрал да істеп көрмекші. «Алғаш рет басталған жобаның қадамы әзірге жаман емес» дейді кәсіпкер. Жергілікті тұрғындар кәсіпкердің арнайы әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы өнімді көріп, сатып алуға. Ал Бауыржанның айтуынша, аталған раковина түрлеріне жаз айларында, әсіресе, құрылыс пен үй жөндеу жұмыстары басталғанда сұраныс артады.

Кәсіпкердің тағы бір мақсаты – жергілікті өнімді қаладағы құрылыс компанияларына ұсыну. Қазіргі таңда, қалада құрылыс қарқын алған. Оның ішінде әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер бар. «NOMAD» жеке кәсіпкерлігінен шығатын өнім нағыз қажетті дүние. Сондықтан тұрғын үй болсын, не басқа да әлеуметтік нысандарда орналасатын ас бөлмесі жергілікті өніммен жабдыкталса дейді.

Айдана СЕЙІЛІ

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына номірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

МҰСТАФА МАТАЕВ – 90



ҰСТАЗ ТАҒЛЫМЫ

Өмір – өзен, уақыт – ағын. Су секілді тоқтаусыз ағып, байқатпай өтіп жатады. « өткен күн, кеше – тарих, келер күн ертең – сыр, бүгінгі күн – сый», – деп Қорқыт атамыз айтқандай өмір тағлымдарын ұмытпағанымыз жөн. Тәлімі мол ұстазым деп айта алар тұлғаларды ұмытпау – көргендіктің белгісі, ал ұмыту – ошкенттің белгісі. Өмір алдында әрқашан шәкіртпіз. Сол өмірді саралап, тағлымын түсіндіреп ұстаздың алдын көрмесек, болашағын кемел бола қоймас. Адамның жаратылысында орасан күш-қайратта, мол дағды да, ерекше қабілет те бар екені анық. Бірақ өз-өзін тани алмай қанша адам өмірден өтеді. Өмірден өткеніне алты жылдан асса да ұстазым Мұстафа Матайұлының өмірден өз орнымызды табуға жасаған талабының жемісін көріп келеміз.

«Адамды оның істеген істеріне ғана қарап емес, сонымен бірге ізгілікке ұмтылған ниетіне қарап бағалау керек», – деген екен Демокрит. Әрбір шәкіртің, өзіме, менің өмірге деген көзқарасыма ықпал еткен ниетінің уақыт өте келе маңыздылығы артып келеді. Қалыптасқан социалистік болмыс жел қуған бұлттай ыдырап, кешегі өзіміз қабырғасын қақырата қарғаған капитализм есігімізден сығалап, төрге ұмтылғанда талайымыздың санамызды сан ойлар тұмшалағанын көп адам жоққа шығара қоймас. Ескімен жананың қашанда талас-тартыста болатыны өмір заңдылығы. Бұрынғыдан бұрыла алмай, кейінгіге кіріге алмай, жан-жағымызға жалтақтап, кім не айтар екен деп, күн өткізіп біз де жүрдік.

Капитализмнің өмір заңдылығын тек қатаң жағынан оқып-білген ұрпақ өкілі ретінде маған, нарық тәртібі кезіндегі әрбір ұстаным туралы жылт еткен ақпарат қызық болғандықтан, іздеп оқып, жағалап семинарларға қатысып жүретінім. Сондай бір семинар лектор «көпті білудің нақты жолы қолда бар мүмкіндіктер арқылы аздан үйрену. Ең болмағанда, өз басыңның жеке қасиеттерін зерделеп, керісін озіңнің ұстанымына пайдалана бер. Қанша дегенмен, ол сенен бір саты болса да, лауазымы жөнінде де, табысы жөнінде де жоғары алам ғой», – дегені ойландырды. Ал, менің сол кезде қолым жететіні кафедра менерушім Мұстафа Матайұлы болатын. Содан бастап, айналасындағылардың бойынан жақсы қасиет іздеп, болашағына пайда келтіретін тәуір жақтарын дамытудан шаршамайтын ол кісінің ұстанымдарын өзіме көшіруге тырыса бастадым. Бұл әрекетті кейін қай басшымен жұмыс істесем де пайдаланып келемін. Ал енді, қазір заман талабы сан өзгеріп жатқанда оның айналадағы құбылысты ұстамдылықпен саралап, алдын бағдарлаудың өрісті өңесіні көрсетіп, орынмен ұқтары алатындығы мен ойлағаннан әлдеқайда кең екендігін кеш түсінгендей болып жүрмін.

Ол кісінің бір қарағандағы сұсы жүрген жүрісінен, сөйлеген сөзінен сезіліп тұратын. Студенттер түгілі, кейбір оқытушылар ретсіз ағайын көзіне түсуге таясақтайтын. Алғаш жұмысқа қабылданғаннан кейін кабинетінде отырып, екі сағаттай пікір алмасты. Маған сеніп тапсыратын пәнін «Мемлекет және құқықтық жалпы тарих» екенін, оны тарихшы жүргізгені дұрыс болатынын жеткізді. «Қарапайым тілмен айтқанда, философия үнемі үздіксіз даму үстіндегі тарихи жүйе болып саналатындықтан, мен философия ретінде нақты білмесем де, қателесуге мүмкіндік бермеуге тырысамын. Мен сенің қандай оқытушы болатыныңды ашып айта алмаймын. Бірақ әр жерде қоршаған ортаның, өзара қатынастардың, қалыптасқан дәстүрдің саған беретін тәрбиесінің ықпалы зор болады. Қандай бағытта қалыптасасын, ол өзіне байланысты, өйткені сыртқы әсерді игеретін тек қана өзің боласың. Сырттың кері әсерінен қорғана білудің бірден-бір әдісі – оны терең тани білу. Әркімнің өз жолы, өз ерекшелігі бар, оны қорғай біл, сақтай біл», – дегенді айтты. Осыдан кез келген жұмыстың басында өзіңді дұрыс бағыттаудың маңызды екенін біле бастадым.

Француз ойшылы Пьер Антуанның айтуынша, философтар тек дүниетаныммен емес, өмір сүру тәсілімен де ерекше екен. Себебі философияның өзі абстрактылы ойлаудың жиынтығы ғана емес, ол ең алдымен, ұстаным, мұрат, ойлау, ғұмыр кешу тәртібі. Осы тұрғыдан келгенде, Мұстафа Матайұлының ұстанымы, өмір сүру қағидасы, жүріс-тұрысы, орта мен қатысында айрықша көзге ұрына бермейтін,

үңіле қараған кісіге тез байқалатын ерекшелік болатын. Барлық қайшылықтардан гармония, үйлесімділік таба білетін, екінші бірі түсіне алмайтын ең биік дағдыларды қарапайымдылықпен пайдалану жағдайына жеткізе алатындығы қызықтыратын. Қиналысымызды байқаса «өмір қайшылықсыз, проблемасыз болмайды. Өмір деген күрес. Күрессіз даму болмайтындығына» көзімізді жеткізуге күш салатын. Ересек кісілер өткендерін көп еске алады, алайда одан ұрпағына сабақ болар мүмкіндіктерді аша бермейді. Ал Мұстафа Матайұлы өткенді кейінгілер білсін деп, ойланып деп, сабақ алыс деп қозғайды. «Студенттерді жақсы немесе жаман деп бөлуге болмас, өйткені олар біз үшін шәкірт. Олар бізді ұстаз дейді. Шәкіртіміз дұрыс маман болып шықпаса, біздің кінәліміз үлесіміз көп. Шәкіртіміз өсіп көзге көріне бастағанда менің шәкіртің деп мақтанамыз. Ал қаншама шәкірттер көріне алмай, өз орнын таба алмай жүр, сонда олар кімнің шәкірті?» дегенді жиі айтатын.

Ұстазымыздағы ұлағаттылықты өз шәкірттерінің талаптылығын көтеруге сінірген еңбегінен білуге болады. Ағамыз студенттерге қоятын бағаға «саран» болатын. «Мен бағаны айды деймісің, білім алуға берілген уақыт қайта беріле бермейді, өз уақытың білім алуға тиімді пайдалансын деймін ғой. Ертең бізді кім, неге оқытты деп жүрмесін деп ойлаймын ғой. Студентті кітапшадая бағам ғана тәрбиелеуге болмас, олардың бойында білімге деген еңбекқорлықты, ықыласты қалыптастыра алсақ ғана болашағына дұрыс жол сала аламыз», – дейтін жарықтық.

Осындайда академик Ғарифулла Есімнің «Оқуға түскен жан білім алады, білімге құштарлығы оянған адам ұстазын көреді. Білімге құштарлығы оянбаса, ол ұстазды көрмейді, сезінбейді» деген тұжырымы еске түседі. Ал, Мұстафа Матайұлы «оқытушы студенттердің өздері мойындаса ғана нағыз ұстаз атана алады. Нағыз ұстаздың көп мәселелерде дәлелденген жеке пікірі, ой-толғағы, түсінігі болуы керек. Өз позициясын қорғай алуы қажет», – деп жиі айтатын. Осыдан түсінгенім, жақсы ұстаз ғана өзін шәкіртің «кинаумен жинаған» беделі арқылы адамдардың өмірге көзқарасын қалыптастырып, дүниедегі орнын таба алуына мүмкіндік тудырады екен. Бұл да бір ұмытылмас тағлым.

Қарамағында жұмыс істеген біздер үшін тағы бір сабақ, ұстазымыздың өз-өзіне бақылау жасауы. Өзінің ұжым жетекшісі ретіндегі қызметтік парызын, шәкірттерінің алдындағы ұстаздық парызын өтеудегі алдындағы ол кісінің арна байланысты болғанын кейін түсініп жүрміз. Яғни қызметтік міндетін ары арқылы бақылап, реттеп отыратын. Бізді «үйренгендерің өздеріне, істегендерің маған жақсы» деп жұмсайтын. Әйтпесе, Мүстекене жұмысында дұрыстап істе деп басшылар тарапынан дікідеп тұрған ешкім жоқ

болатын. Осы қасиет бүгінгі қоғамда кемшін тартып жүргенін несің жасырамыз.

Бұдан шығатыны, ұстаздың бір тобы өз пәнінен дәріс беруші ғана болса, екіншілері адамдарға жоғары деңгейде ықпал етушілер ретінде шәкірттердің санасында ұзақ сақталады. Жұмысымызға кейде жастықпен жүре қарайтын біздің мәселемізді кафедра отырысында емес, жеке шақырып алып сөйлесетін еді. Ашулана да, ұрысып-жекпей-ақ айтар сыны сүйегінді сындыра жаздап, сабаңа түсіретін. Яғни парасаттылық сөзін тыңдата білу біз үшін үлкен өнеге, әрі тәрбие мектебі болды.

Мұстафа Матайұлының өз балалары мен студент-шәкірттеріне беретін тәрбиесінің айырмашылығы жоқ болатын. Отбасы тәрбиесі жөнінде «отбасы да өз алдына бір мектеп, отбасын құрған әр адам өзі үйрене жүріп, балаларына үйретеді» деген тұжырым жасайды. Өз ұрпағына тілегенді басқаға да тілейтін. Осының бәрі ұмытылмас ұлағат екен ғой.

Ұжымдағы әрқайсысымыздың отбасымыздағы жағдайды, бала тәрбиесіне көңіл бөлуімізді, қателіктерге бой ұрмауымызды қадағалап жүретін. Кафедрадағы оқытушылардың ғылым жолына түсуіне отбасындағылардың кедергі болмауына өзі тікелей араласқан кездері болды. Кафедраның «күйеу балаларымен» жеке сөйлескенінің арқасында қыз-келіншектер өз уақытында ғылыми атактарын алып, бүгін наным жеп отыр. Қасындағылардың, шәкірттерінің кішкене жетістігін, ілгері ұмтылысын жан-жаққа жариялап, өскелең жастардың шығар биігін өз деңгейімен тежемей, алдағысын болжап жөн сілтеуі философ ретіндегі ұлағаты болатын. Керісінше, өмірді түсінуде өздерінен асқан жан жоқ деп қарайтын, түсінгенін басқаға түсіндіруді қор санайтын, артына ерген бір шәкірті жоқ «философтарды» да кездестіріп жүрміз. Жақын тұтқан жандарды «конкурент» ретінде өсуін қызғанбай, оған қуанып, қолдап, жөн сөзбен демеудің керемет рахат сезім екенін түсінудің бақытын да ағамыздан мұра еттік. Бүкіл өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған Мұстафа Матайұлының «мен өмір бойы алдыма талапты жас келсе екен, оны ілгері қарай жетелей берсем екен, мамандығың түгел игерумен қатар, әрбір ұғымға үңіле түсуге үйретсем, дағдыландырсам, ұғымның тұңғығына тереңдей түссе, әр қырынан жарқыраса, ойлы жастардың қатары көбейсе деп тілеймін», – деген ұстаздық ұстанымы әрқашан өзекті.

Пайым-парасатымен талайымыздың көзімізді ашқан ұстазымыздың ұлағаты мен ұстанымы бізбен бірге. Тек соны толық пайдалана алмай жүргендейміз.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
облыстық мәслихат төрағасы,
тарих ғылымдарының кандидаты

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Жұмысшы жанайқайы жауапсыз қалмайды

Қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейіловтың төрағалығымен «Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық ұшжақты комиссияның кезекті отырысы өтті.



Бұған дейін облыстық бақылау жөніндегі басқармасы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» Қызылорда филиалы жұмысшыларының жазған өтінішін қалалық ұшжақты комиссияның қарауына берген еді. Онда жұмысшылар экологиялық коэффициентті дұрыс төленбей отырғандығы туралы мәселе қозғалған. Комиссия өкілдері аталған жайтты күн тәртібіне енгізіп, соған сәйкес мәселенің мән-жайы сараланды.

Осы орайда комиссия төрағасы Жанмұрат Жаксымұратұлы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» Қызылорда қосалқы бөлімінің «Локомотив пайдалану депосы» бөлімшесінің басшысы Нұртай Байғазыға жұмысшылармен кездесу өткізіп, олардың көтерген мәселесін қарауды тапсырды. Сондай-ақ кездесу нәтижесін тиісті органға жолдауды жүктеді.

Сонымен қатар қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне берілген тапсырманың сапалы әрі мерзімінде орындалуын қадағалап, ұйымдастырылуын қамтамасыз ету міндеттелді.

А.ӘЛІМ

Жедел жәрдем жедел қызмет етеді

Бүгінде облыстық жедел медициналық жәрдем орталығының құрамында 4 қалалық, 9 аудандық бөлімше мен оперативті бөлім және медициналық авиация бөлімшесі қызмет етеді. Өңірде соңғы 5 ай кезінде 103 қызметіне түскен шақыртулар саны былтырғы жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға өскен. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов хабарлады.

– Қазіргі таңда облыстық жедел аралығында жетуі тиіс, – деді жәрдем орталығы медициналық қурал-жабдықтармен және санитарлық автокөліктермен толықтай жабдықталған. Жедел жәрдем көмегіне жүгіну үшін азаматтар 103 байланыс нөміріне немесе мобильдік қосымшаларды пайдалана отырып, тиісті мекенжайға шақырта алады.


Орталық шақырту алған сәттен бастап жедел іріктеу жүргізіп, науқастың ауру белгілеріне қарай дәрігер мамандарды дереу жібереді. Ал ауылдық елді мекендерде жедел жәрдем шақырту қажеттілігі туындаса, оны аудандық кіші жедел жәрдем станциясы ұйымдастыруы керек. Яғни олар жақын жердегі медициналық ұйымдардың мамандары мен санитариялық автокөліктерді дерезінде шақырған жерге жеткізуі тиіс. Жалпы жедел жәрдем орталығы шақыртуды қабылдаған сәттен бастап науқасқа 10-60 минут

«Ақмешіт ақпарат»

ИНВЕСТ ЖОБА: Өңір өміріне өң береді

«Жастарға арналған несие» бойынша жалпы құны 23,4 млн теңгені құрайтын 5 жоба қолдау алды, – дейді қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Амангелдиев.

Бөлім басының айтуынша, биыл ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарда бар. Наурыз айында «Қорқыт ата» әуежайының құрылысы басталған. Бұл ретте жеке инвестор Болат Өтемұратовтың қоры әуежай терминалының жұмыс жобасын әзірлеуде. Құрылыс нысаны қаланың коммуналдық меншігіне тегін беріледі. Жаңа әуежай терминалы үздік халықаралық тәжірибеге сай салынып жатыр. Шаньдан жасалған витражды қасбеті бар екі қабатты терминалдың жалпы



Сондай-ақ, «ТриМ» серіктестігінің қуаттылығы жылына 500 тонна екіокись молибден ұнтағын үшөкись молибден ұнтағына техникалық айналдыру өндірісін ұйымдастыру», «Қызылорда Рефайнэри» ЖШС-ның «К4, К5 экологиялық кластағы мотор майларын өндіру», «Room Trade KZ» ЖШС-ның «Қызылорда қаласында «КОМАЗ» шағын арматура зауытын салу», «Сыр-Маржаны» ЖШС-ның ет және ет өнімдерін өндіру және сақтау, «Orda TEXS» ЖШС-нің «Түйе жүнін өңдеу және төсеніш көрпе өндіру цехы», «Қызылорда композиттік материалдар зауыты» ЖШС-ның шыны талшықты және композитті материалдарды өндіру зауыты, «Айгасар» ЖШС-ның ерекше балаларға арналған иппотерапия жылқылы-сауықтыру клубын ашу және бие сүтін өңдеу цехын салу, «Dana Quartz» ЖШС-ның айна шығару, «Қаусар» ШҚ-нің құс фабрикасының құрылысы жобалары жүзеге асырылмақ.

Қалада жыл басынан бері жалпы сомасы 2076,4 млн теңгені құрайтын 204 жобаны қаржыландыру көзделген.

– Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған Ұлттық жоба» аясында субсидиялау бағыты бойынша құны 1529 млн теңгені құрайтын 44 жоба, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар беру бағыты бойынша 131,1 млн теңгені құрайтын 95 жоба қолдау алды. Сондай-ақ «Іскер» бағдарламасы бойынша жоба құны 289,3 млн теңгені құрайтын 49 жоба қаржыландырылды. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы ЖШС арқылы өз қаражаты есебінен жалпы құны 103,6 млн теңгені құрайтын 11 жоба қаржыландырылды. «Аграрлық несие корпорация» АҚ арқылы

Басы I-бетте

ауданы 7500 шаршы метр. Халықаралық және ішкі ұшу аймағы 160 контакты қабылдай алады. Онда телескопиялық өтпе жол, эскалатор мен лифт, жүктерді тапсыру мен өңдеудің автоматтандырылған жүйесі, транзиттік жолаушыға арналған зал, СІР залы бар. Жаңа форматта өзін-өзі тіркеу пункті, намазхана, Duty Free аймағы, сондай-ақ шекара және кеден қызметі, фитосанитарлық және ветеринария, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметтері мен желілік полиция бөлімшелері үшін мамандандырылған орын ашылады. Құрылыста халықаралық бренд жабдығы, технологиялық және жобалық материал пайдаланылады. Әуежайды 2024 жылдың III тоқсанында пайдалануға берілу жоспарлануда.

Инвестициялық ірі жобаның бірі – Қызылордада түрік инвесторларымен бірлесіп, электр қуаты 240 МВт болатын және жылу қуаты 277 Гкал болатын жаңа бу-газ қондырғысының құрылысын бастау. Құрылысты жүргізу 2023-2025 жылдарға жоспарланған. Сала мамандарының айтуынша, бу-газ қондырғысының игілігін 25-30 жылға дейін көрміз деген болжам бар. Осы мақсатта жылу-электр орталығының аумағынан жер учаскесі бөлінген. Аталған жоба сәтті жүзеге асса, электр және жылу қуатының тапшылығы проблемасы шешіліп, тұтынушылар сапалы, әрі сенімді жылумен қамтамасыз етіледі. Бөлім басының айтуынша, бұл жоба соңғы жылдары шетелдік инвесторлардың қаражатына салынып жатқан еліміздегі ең ауқымды жобаның бірі.

Инвестицияның қарқынды дамуына Қызылорда облысының даму орталығы айтарлықтай ықпал етіп отырғанын да айта кеткен жөн.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Облыстық онкологиялық орталықтың дәрігер-онкогинекологы, тәжірибелі маман Алма Бапанова қатерлі ісіктің пайда болуын былай түсіндіреді.

– Медицина саласында атипиялық клетка деген ұғым бар. Адам ағзасы жалпы өздігінен зат алмасу процесін жасайтын, қалыптасып, дамитын түрлі клеткалардан тұрады емес пе? Осы клетка сыртқы факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырайды. Мәселен, күйзеліс, дұрыс тамақтанбау, темекі, алкагольді жиі тұтыну – олардың бақылаусыз бөлініп, өсіп, тарауына себеп болады. Салдарынан атипиялық клеткалар пайда болады. Ол қан арқылы басқа органдарға тарап, орналаса бастайды. Сөйтіп шоғырланған жерінен қатерлі дерт тудырады, – дейді маман.

Кез келген ауру өздігінен туындамайтыны белгілі. Қатерлі ісік те солай. Жылдар бойы мазалаған түрлі дерттер уақытында ем қабылдамаудың, денсаулыққа ағуесті қараудың салдары жақсылық әкелмейді. Мәселен, өкпеге – бронхит, асқазанға – гастрит,

– Обыр дерті 4 сатыға бөлінеді. Оның алғашқы екі сатысы жеңіл, асқынуды III-IV сатыға жатады. Егер жеңіл түрі анықталса оны емдеп-жазу әлдеқайда тиімді, нәтижелі болмақ. Негізінен операциялық жолмен немесе сәулелі терапиямен ем жасалады. Жалпы сәулелі терапия 98 процент жағдайда оң нәтиже береді. Сондай-ақ емдеу процесі операциялық, сәулелі, сәулелі-химиялық, химиялық терапия негізінде жүргізіледі. Егер дертке шалдыққан наука сәулелі терапияны да, операцияны да көтере алмайтын халде болса, оған химиялық жол таңдалады. Мұның ешқайсысынан ем қонбайтын, өте ауыр халдегі жандар тек дәрі-дәрмектің күшіне сүйенеді. Бұл жағдайда аурудан айығуы жайында сөз қозғау артық шығар, – деді онкогинеколог дәрігер Алма Бапанова.

Дәрігерлер орталықта тіркеуде тұрған науқастарды 4 клиникалық топ бойынша қабылдайды. Мәселен, 2 топ-



ДЕНСАУЛЫҚ

қағидасына айналса екен деймін. Дұрыс тамақтанып, темекі, насыбай, ішімдікке әуестенбей, спортты серік етіңіз. Жеміс-жидек, көкөністі жиі тұтыныңыз. Болмашы нәрсеге ашуланып, күйзеліске берілудің де салдары осы жағдайға әкеледі. Сондықтан өмірдің өз қолында екенін жіті сезініп, салауаттылыққа бет бұрған дұрыс. Барлық кеселдің алдын алу осындай қарапайым дүниеден басталады, – дейді білікті дәрігер бізбен әңгімесінде.

Бүгінде денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп орталық мамандары онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша қаладағы барлық емдеу орындарында тұрақты түсіндірме

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Тері меланомасының диагностикасы

Меланоманы адамның өзі де және жалпы тексеру барысында дәрігер байқауы мүмкін. Бірақ оны тек онколог дәрігер (онкодерматолог) растайды. Себебі бейіндік мамандар мұндай ауруды көп кездестіре бермейді және оларда арнайы аспап – дерматоскоп(эпидиоминесцентті микроскоп) жоқ. Оны қолдану барысында онколог терінің үстіңгі қабатының астына үңіліп, күдікті жаңа түзілістің құрылысын үлкейтін көре алады. Жараға айналмай қалған жағдайда дәрігер жарадан жұғынды алып, оған микроскоп арқылы зерттеу жүргізе алады.



Сонымен қатар тәжірибеде биопсия да қолданылады. Бірақ мамандар бұл әдісті аса сақтықпен жасайды. Себебі түзілісті жаракаттау қатерлі ісіктің ұлғаюын тудыруы мүмкін. Сондықтан хирург жаңа түзілісті айналасындағы сау терімен бірге алып, ол материалды шұғыл түрде микроскоп арқылы қарайды. Егер диагноз расталса, онда қажет жағдайға қосымша операция жүргізіледі. Сонымен қатар метастаздың бар-жоғын анықтау үшін басқа орган

да тексеріледі. Алғашқы метастаз көрші жатқан лимфа түйінінде байқалатындықтан, міндетті түрде оған биопсия жасалады.

Меланома профилактикасының негізгі және маңызды әдісі – күннен қорғану. Бала кезде күн көзіне бір рет қатты күйіп қалуының өзі меланома пайда болу қаупін арттырады. Сондықтан күндіз күн көзінде ұзақ уақыт жүрмей, солярийге тым құмартпаған дұрыс және күн сәулесіне қарсы майды үнемі жағып жүрген абзал. Сондай-ақ аталған майлар А ультракүлгіннен (УКА) және В ультракүлгіннен қорғайтынна және күннен қорғайтын факторы (SPF) 15-тен төмен емес екеніне көз жеткізу қажет. Жағажайда мұндай майларды әрбір екі сағат сайын, балаларға одан да жиі қайталап жағу керек. Ал қалалық жерлерде күнге қарсы майды дұрыс үйден шығарда емес, күн көзіне шығардан 15-20 минут бұрын жағу қажет.

Айгүл БАХЫТБЕКҚЫЗЫ,
онколог-дәрігер



ҚАТЕРЛІ ІСІК: КЕСЕЛ КҮРЕСКЕНДЕ ЖЕҢІЛЕДІ

жатырға – эндометрит, бүйрекке – пиелонефрит сынды диагноз қойылады. Көбіміз бұған қалыпты жағдай сияқты қараймыз. Екінші бірінде бар, экология, тамақ дұрыс емес деген сылтау айтамыз. Ал олардың асқынуды түбінде кеселге шалдықтырады-мыс. Сол себепті адам ауруды түбірінен емдегені жөн. Осы орайда онкогинеколог маман «обыр үнемейді, метастаз айналайды» дейді. Бұл аурудың алғашқы белгілері білінбей, ісіктің ағзаны тез дендейтінін білдіреді. Өкінішке орай науқастардың көбі солай дерті асқынғанда келеді. Қазір онкологиялық орталықта 5 мыңнан аса адам тіркеуде тұр. Олардың ішінде асқазанның қатерлі ісігі басым. Одан кейінгі сатыда сүт безі, өнеіш, өкпе, жатыр мойны обыр орналасқан.

– Бүгінде қатерлі ісік ауруы туралы бүкіл әлем дабыл қағуда. Ғаламдық мәселеге айналған дерттің дауасын табудың жолы әлі де зерттелуде. Десе де оны түбегейлі жою әзірге мүмкін болмай отыр. Бірақ бұл қатерлі кесел жазылмайды деген сөз емес. Арамызда онымен күресіп, ауруын жеңген қаншама жан бар. Мамандар тарапынан тұрғындар өз денсаулығына жауапкершілікпен қараса екен дейміз. Себебі көпшілік жыл сайын өтуі тиіс скринингтік тексеруге де келмейді. Ауру асқынғанда сан соғып қалады, – дейді маман.

Өкініштісі сол, қазіргі таңда ауру жасарып барады. Соңғы жылдары онкологиялық ауруды интеграцияланған басқару моделін енгізуде «Жол картасы» әзірленді. Сол бойынша медициналық мекемелерде онкология кабинеті, паллиативтік көмек бөлімдері ашылды. Мамандар шет елде білімі мен біліктілігін арттырды. Қазір барлық аудан мен қаладағы емханаларда тексеру кабинеті ашылған. Оны онкологиялық орталықтың бөлімшесі деуге негіз бар. Емханаға келген науқастардың сол жерде тексеруден өтуі міндетті саналады. Онда мамандар басынан-бақайшағына дейін қатерлі дерт туындауы мүмкін жараларды, сүт, қолтық асты бездерін басқа да ішкі құрылысты қарайды. Бұл өз кезегінде қатерлі ауруды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

тағы науқас айға алады. Үшінші топта – дертті жеңгендер, олардың тұрақты бақылауында болады. Ал 4 топқа ем қонбайтын ауыр науқастар жатады екен. Оларға паллиативтік бөлімде көмек беріледі. Бұдан бөлек үй жағдайында ем алатындары да бар. Оған мобильді жедел-жәрдем қызметі ем-дом жасайды.

– Осындай қиын жағдайға ұшырамағ үшін денсаулықты ерте жастан күткен абзалырақ. Бұл – физикалық, психикалық тұрғыда өте қиын жағдай. Дертке шалдыққандар диагнозын естігенде есеңгіреп, ауыр қабылдайды. Санасында осымен болды, бітті деген ой тұрады. Ол дұрыс емес. Біз әуелі психологиялық көмек беруге тырысамыз. Адам аурумен күресуі тиіс. Кеселдің ағзаны игеруіне жол бермеу керек. Кез келген аурудан құлан таза айығуға мүмкіндік бар. Тек уақытылы дәрігерге қаралып, нұсқамасын орындау шарт. Сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстану – әрбір адамның басты

жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Онда онкологиялық қызметте туындайтын мәселелер талқыланып, жұмысты жақсарту мақсатында тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар жалпы тәжірибелі дәрігерлер, онколог, акушер-гинекологтармен кездесіп «Қатерлі ісікті ерте анықтау», «Онколог дәрігердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі», «Д» есепке қою, диспансерлеу мәселелері», «Ауырсынуға қарсы терапия» тақырыптарында дәрістер оқылууда. Бұдан бөлек жоспарға сәйкес «Әйелдер мен ерлерді қара кабинеті және оның жұмыс жасау алгоритмі», «Онкоқырағылық» тақырыбында оқыту жұмыстары жүргізіледі.

Ал маман тұрғындарға денсаулығына немқұрайлы қарамауды ескертеді. Ол үшін уақытылы скринингтік тексеруден өтіп, қандай да бір ауру белгісі анықталса, дәрігерге қаралып, уақытылы ем қабылдау керетін аятады.

Иксод кенелері - аса қауіпті инфекциялардың тасымалдаушылары

Қызылорда облысындағы Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының эпизоотологиялық жағдайы бірнеше жылдар бойы шелденісіп келеді, себебі оған жыл сайын Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының қоздырғыштарын таратушы иксод кененің көбеюі ықпал етеді. Бүгінгі күні Қызылорда облысы аумағында иксод кенелері ареалдарының шекаралары кеңейде, осыған байланысты көршілес аумақтарға кене инфекциялары қоздырғыштарының ену қаупі туындайды.

Көктем-жаз мерзімінде елді мекендерде ауру жұқтыратын кене шағу санының өсуі байқалады. Өйткені бұл мезгілде бірінші ересек кенелер кездеседі. Ағымдағы жылы елді мекен айналасында алғашқы белсенді ересек кенелер қантар айында қыстың жылы болуы себепті ерте шықты, соның салдарынан кенелер саны арта бастады. Адамдар үшін, әсіресе кененің ересек түрлері – аталықтар мен аналықтары өте қауіпті, олар көктем – жаз айларында елді мекендердің маңында және тығыз өсімдіктері бар демалыс аймақтарында кездеседі.

Иксод кенелері түрлерінің арасында имаголардың белсенділігінде маусымдық ауысуы байқалады. Бақылау жұмысы барысында өңірдің оңтүстік бөлігінде тоғайда кездесетін кенелердің шығуы қыстың жылы кезеңінде қантар – ақпан айынан басталып, наурыз-сәуір айларында жоғары деңгейде болады. Оңтүстік-батыс және солтүстік

– батыс бөлігінде бұл кененің шығуы кештеу мерзімде тіркеледі. Мамыр айынан бастап тоғайда кененің белсенділігі өте төмен болып, жаз айларында кездесе бермейді. Құмда кездесетін кененің шығуы сәуір айында тіркеліп, олар мамыр айының соңына дейін малда көптеп кездеседі. Мамыр айында жайылмы кенелері шығып, маусымның аяғына дейін өрісте, мал қорасында көптеп кездеседі. Құмдағы кене де осы мерзімде қатар кездеседі. Облысымызда кененің 15 түрі анықталған, олардың мекендейтін жері, шығу мерзімі ауа райына қарай өзгеріп тұрады. Кене далалық жерде, малда жыл бойы кездеседі, мысалы, күзде жұмыртқадан шыққан балаңқұрттар болса, олар малдың үстіне қыстап шығып, көктемде ересек кенеге айналып, адамға, малға жабысады.

Елді мекеннің айналасына шыққан жағдайда қапшононы бар қорғаныс киімдерін кию қажет. Сонымен қатар кенеден сақтану үшін, оның жоғарғы бөлігі міндетті түрде шалбарға, ал шалбардың балағы шұлыққа салынады. Кене шаққан жағдайда дереу жақын маңдағы медициналық мекемеге хабарласу керек.

М.КАЛМАКОВА,

«Қызылорда облағы қарсы күрес станциясы» филиалы аса қауіпті инфекциялардың эпизоотологиясы және алдын алу зертханасының маманы

Алғыс арқалаған азамат

Кейіпкеріміз денсаулық саласында 30 жылға жуық уақыт еңбек етіп келеді. 1993 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтының «Емдеу ісі» мамандығын бітірген соң, алғашқы еңбек жолын Сырдария аудандық ауруханасында бастаған. Кейін облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында «жансақтау және интенсивтік емдеу» бөлімшесінде реаниматолог дәрігер, 1999 жылдан бастап аталған бөлімшеде бөлім меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Осы жылдар ішінде талай науқасты аяққа тұрып кетуіне сәйкесіп болып, халықтың алғысына бөленді.

– Денсаулық саласында еңбек етіп жүргеніме биыл 30 жыл болады. Қайсыбір қызмет болсын өзіндік қиындығы мен қызығы болатыны анық. Соның ішінде дәрігер мамандығына артылған жүк те, жауапкершілік те жоғары. Халықтың денсаулығын жақсарту жолында жүргеннен кейін өз ісіне аса жауапкершілікпен қарауың керек. Алдына келген науқастың денсаулығына бей-жай қарай ал-

майсың. «Жансақтау және интенсивтік емдеу» бөлімшесінде ересектер де, балалар да ем қабылдайды. Дегенмен басым көпшілігі балалар. Негізгі инфекциялық аурулардың өзіндік өршітін кезеңі болады. Бөлімге түсетін науқастардың саны да соған сәйкес артады не азаяды. Көбіне менингит, Қырым-конго геморрагиялық қызбасы, сары ауру, қызылша сынды аурудың асқынған жағдайында жансақтау бөліміне жатқызылады, – дейді кейіпкеріміз бізбен әңгімесінде.

Инфекциялық ауру, оның салдары туралы көпшілігіміз біле бермейтініміз жасырын емес. Мұндай ауру жағдайын тек іш отудің де асқынуды жағдайы ауыр болады. Салдары ағзаның сусыздануына, адамның әлсіреуіне алып келеді. Тіпті одан да ауыр жағдайға жетуі мүмкін. Дегенмен отыз жылдық еңбек тәжірибесінде мұндай жағдай кездеспеген.

– Жазда іш ауруы, қыста тұмау, вирустың өршуі инфекциялық ауруларды тудырады. Коронавирус оның қызметі деңдеген тұстағы жағдай баршаға белгілі. Одан кейінгі екі жылда да жағдай оңай болған жоқ. Вирустың мутациялануы салдарынан қарапайым тұмау, суық тиюдің соңы ауыр жағдаймен аяқталған кездер болған. Мәселен, былтыр вирусты менингит көп болды. Әсіресе 1 жастан 3 жасқа дейінгі балалар арасында жиі кездесті. Бұл жағдай биыл бәсеңдеді, – дейді білікті дәрігер.

Бүгінде «жансақтау және интенсивтік емдеу» бөлімшесінде 2 реаниматолог дәрігер, 16 мейібікке науқастарға қызмет етеді. Бөлім меңгерушісі Болат Сәйдіұлының айтуынша, маман тапшылығы бар. Дегенмен бөлімге қажетті медициналық құрал-жабдықтар толық қамтылған.

Бет қатталып жатқанда газет оқырманы Еркебұлан Әбсәттаров білікті дәрігер, реаниматолог Болат Асанбаева алғыс білдіргісі келетінін айтты. Наурыз айында аяқасты дене қызуы көтеріліп мазасызданған баласын облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының жансақтау және интенсивтік емдеу бөлімінің мамандары ажалдан аман алып қалған.

– Екі жасар қызым Асылымның дене қызуы көтеріліп, іш оту,

құсу белгілерімен облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызылды.

Екі күннен соң бүйрек қызметінің нашарлауымен жансақтау бөліміне ауыстырылды. Білікті дәрігер Болат Сәйдіұлы дереу ота жасап, баламның өмірін сақтады. Отадан кейін күнделікті қадағалау жүргізіп, күтім жасап өзінің дәрігерлік қызметін адал атқарды. Қызымның өмірін сақтап, денсаулығын жақсарту жолындағы еңбегі үшін аурухананың бас дәрігері Айна Мұхамбетова мен Болат Асанбаева алғысымды білдіргім келеді. Осындай өз ісіне адал, мамандығын жүйетін ақ халатты абзал жандар көп болса екен, – дейді қала тұрғыны.

Кейіпкеріміз балалар арасында бүйрек жұмысының бұзылуы соңғы кездері жиі кездесіп жүргенін айтады. Мұндай диагноз қойылған балаларға ота бұған дейін Алматы, Астана қаласында жасалған екен. Қазіргі таңда дәрігер мұндай отаны өзі жасауда.

– Асылымға перитонеальды диализ жасалды. Ағзаға түскен микробтың бүйрекке әсер етуі салдарынан оның қызметі бұзылған. Жыл басынан бері мұндай диагнозбен 3 бала жансақтау бөліміне жатқызылды. Үшеуінің де отасы сәтті өтіп, емделіп шықты, – дейді дәрігер.

Денсаулық саласында атқарған адал еңбегі, халықтың ықыласының арқасында кейіпкеріміз абырой биігінде. Оның еңбегі елеусіз қалған емес. Талай жылғы еңбектен Денсаулық сақтау министрінің «Құрмет грамотасының», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісінің, «Халық алғысы» медалінің иегері атанды. Сонымен қатар «Халық сүйіктісі-2020» Ұлттық сыйлығының «Жылдың үздік дәрігері» номинациясы табысталған.



Бетті дайындаған
Айдана СЕЙІТ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Облыстық экология департаменті
зертханалық талдамалы бақылау
бөлімінің басшысы
Венера МУСТАЯПОВА:



«Қоршаған ортаны қорғауға бейжай қарауға болмайды»

– Өзіңіз жетекшілік ететін зертханалық-талдамалы бақылау бөлімінің жұмысы, міндеті туралы қысқаша айтып өтсеңіз...

– Департаменттің зертханалық талдамалы бөлімінің сынақ зертханасы 2019 жылы ҚР аккредиттеу жүйесінде «Сынақ және қауіпсіздік зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар» ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 талаптарына сәйкес қайта аккредиттеуден өтті. Аккредиттеу саласына байланысты су көздері бойынша – 61, топырақ ластануы бойынша – 30, атмосфералық ауа бойынша – 28, өнеркәсіптік шығарындар бойынша, автокөліктен шығатын газдардың шығарындарына – 3 компоненттерге талдау жұмыстары жүргізіледі. Қоршаған ортаның құрамдас бөліктерінің – судың, атмосфералық ауаның және топырақтың ластануының алдын алуы көздейтін табиғат пайдаланушылардың қоршаған орта сапасының стандарттарына сәйкестігі туралы зертханалық

талдамалық бақылауды ұйымдастырады. Қоршаған ортаның ластануының жоғары және аса жоғары деңгейі туралы мониторинг деректерін алған кезде және төтенше және төтенше экологиялық жағдайлар туындағанда ластанушы заттардың ластану фактілері мен көздерін анықтайды. Ластану көзі және қоршаған ортаның жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін жерлерден сынамаларды іріктеу және талдау жұмыстарын жүргізеді.

Инспекторлармен бірлесіп, кәсіпорындардың, бақылау жататын ластанушы заттардың тізімдерін жасайды, облыстың (қаланың) кәсіпорындарында зертханалық талдау және бақылау жүргізеді.

– Тәуелсіздік алғалы бері топырақ, су, ауа құрамы қаншалықты өзгерді? Дабыл қағарлық қандай мәселе бар?

– Жалпы қоршаған ортаның сапасына «Қазгидромет» мекемесі тарапынан үнемі мониторинг жүргізеді. Атап айтқанда, облыстың бірнеше аумағында атмосфералық ауа сапасын бақылауға арналған бекеттер орнатылған.

Сонымен қатар Қазгидромет мекемесінің мамандары топырақтан және судан сынамалар алып, оның сапасына бақылау жүргізіліп отырады. Қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған жағдайда нәтижесі экология департаментіне жолданады. Өз кезегінде экология департаменті тарапынан қоршаған орта сапасының бұзылу себептері анықталып, тиісті шаралар қабылданады.

Осы ретте Қазгидромет тарапынан мониторинг нәтижесімен қоршаған орта сапасының бұзылуы туралы ақпарат соңғы 3 жыл көлемінде келіп түспеген. Сондықтан облысымыздағы топырақ, су, ауаның құрамына байланысты бүгінгі күнге дабыл қағарлық мәселе жоқ деп есептейміз.

– Экологияның сақталуына мониторинг жасау барысында қандай кемшіліктер анықталды?

– Жоғарыда атап өткендей мониторинг жұмыстары Қазгидромет мекемесі жүргізеді. Ал экология департаментіне табиғат пайдаланушылар тарапынан жүргізілетін өндірістік бақылау жұмыстарының нәтижесі келіп түседі. Өндірістік бақылау жұмыстары І және ІІ санаттағы нысан операторлары тарапынан жүргізіледі. Осы ӨЭБ-ді жүргізудің бекітілген қағидалары бар. Ол Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 250 бұйрығымен бекітілген.

Осы ретте нысан операторлары тарапынан ӨЭБ жүргізу барысында осы қағида талаптары ӨЭБ деректері орын алады. Атап бұзылу деректері орын алады. Атап айтсақ, 2022 жылдың қорытындысымен 20 оператор ӨЭБ жүргізу талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Сондықтан осы сұхбатты пайдаланып ӨЭБ жүргізетін нысан операторларының назарына, бекітілген ережелер мен заң нормаларын қатаң сақтау керек екенін назарға салғым келеді. Сондай-ақ департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасында осы мәселелерге қатысты үнемі түсініктемелер беріліп жатыр.

– Маман ретінде сізді не толғандырады?

– Мемлекетімізде соңғы уақытта қоршаған ортаның жағдайына ерекше мән беріледі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе» деп атап көрсеткен еді. Ендігі кезекте қоршаған ортаның жағдайын жақсарту мақсатында қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру керек деп есептеймін.

– Сұхбатыңызға рақмет.



Бетті дайындаған
Гүлмира ДИЛДӘБЕКОВА

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің бастамасымен Қызылорда облысы бойынша экология департаменті тұрақты түрде «5 маусым – Қоршаған ортаны қорғау» күніне орай «Таза болса табиғат – аман болар адамзат» атты балалар сурет байқауын өткізіп келеді.

Суреттер сөйлегенде...

Биыл байқау «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылындағы оқушылар арасында ұйымдастырылып, барлығы 29 бала өз туындысын жолдады.

Байқаудың мақсаты – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға қамқор болуға үйрету болып табылады. Әр оқушы салған суреті арқылы туған өлкесінің болашағын, туған жер экологиясының жай-күйін жеткізді.

Балалардың шеберлігімен салынған суреттердің ішінен үздік деп танылған суреттерді таңдау оңай болған жоқ. Іріктеу барысында суретші маман шақырылып, пікірлері тыңдалып, тақырыптық мазмұнға сәйкес келетін балалардың суреттері таңдалды.

1 маусым – балаларды қорғау күні қарсаңында «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылында өткізілген шараға Қызылорда облысы бойынша экология департаменті басшысы орынбасарының



міндетін атқарушы Нұрбек Садықов қатысып, еңбегі үздік деп танылған балаларды марапаттап, ризашылығын білдірді.

Байқау қорытындысымен бас жүлдені Алена Митрофанова жеңіп алса, І орынды Несібелі Алшынбаева иеленді. Екінші орынға Малика Байтілеуова мен Вероника Лебедевананың суреттері лайық деп танылса, ІІІ орынды Валерия Митрофанова, Камила Ысқақова және Никита Двоглазов өзара бөлісті.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3059 Тапсырыс №884

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА